

2025 жылғы 11 желтоқсан

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

ВСС Invest дарынды жастармен білімімен бөлісуді жалғастыруда

10 желтоқсан күні компания сарапшысы Нархоз университетінің студенттеріне дәріс өткізді

ВСС Invest компаниясының Қаржылық жоспарлау департаментінің директоры Диас Сайжанов студенттерге *«Жобаны дамыту: қаржылық модельден сату кезеңіне дейін. Девелопер шешімді қалай қабылдайды, тәуекелді қалай бағалайды және құндылықты қалай қалыптастырады»* тақырыбында дәріс оқыды. Дәрісті Нархоз университетінің Бизнес-мектебінің шамамен 35 студенті тыңдады.

Дәріс барысында Диас жобаның тұжырымдамасын қалыптастыру, жобаны қаржылық модельдеу, жобаның іске асырылуын бақылау, жобаны операциялық дайындау және басқару, сату немесе ауқымдау туралы айтты.

«Нархоз университетінің Бизнес-мектебінің студенттерімен кәсіби тәжірибемді бөлісу – мен үшін зор мәртебе. Болашақта біздің қаржы секторын дамытатын дарынды жастар бар екенін көріп отырмын», — деп атап өтті **Диас Сайжанов**.

Нархоз университетінің Бизнес-мектебінің деканы Гүлнар Күреңкееваның айтуынша, университет менеджменті компаниялардың жетістіктері мен қателіктерін зерттей отырып, дамып келеді. Осы негізде ең мықты бизнес-мектептер стратегиялық ойлауды қалыптастыратын және басшыларға ұзақмерзімді тұрақты шешімдер қабылдауға көмектесетін MBA және EMBA бағдарламаларын әзірлейді.

ВСС Invest компаниясының әлеуметтік жауапкершілігі туралы

Биыл көктемде ВСС Invest сарапшылары басқа университеттің студенттеріне бірқатар дәрістер өткізді.

Бұдан бөлек осы жылдың қараша айында компания Қазақстанның банктерінің қауымдастығы ұйымдастырған техникалық және экономикалық мамандықтардың студенттерінің арасында байқаудың бас демеушісі болды. Компания озат студенттерге тағылымдамадан өтуге сертификаттар бөлді.

ВСС Invest білімі мен тәжірибесімен бөлісе отырып, дарынды студенттерді қолдайтын әлеуметтік жауапты компания болып қала бермек.

Компания туралы

ВСС Invest инвестициялық компаниясы Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында 1998 жылдан бастап қызмет атқарады және брокерлік қызмет көрсету, активтерді, оның ішінде зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару, қаржылық консалтинг, бағалы қағаздар андеррайтингі қызметтерін көрсетеді. ВСС Invest – ЦентрКредит Банкінің еншілес ұйымы.

ҚР ҰБ бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берген 10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензиясы.

БАҚ-пен байланысатын тұлға:

Талита Жұматаева, тел. +7 701 100 36 83
e-mail: tzhumatayeva@bcc-invest.kz